Әдебиет – ардың ісі

# Ұш қоңыр

Бізге 10 жыл!

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ГАЗЕТІ

Газет 2010 жылдың 19 наурызынан шыға бастады www.ush-konyr.kz №51 (518) 18 желтоқсан 2020 жыл



# МАХАМБЕТ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҚҰРМЕТТІ ӨКІЛІ АТАНДЫ

**Газет-журнал атаулы адам жанының рухани азығы, нәр алар бастау бұлағы емес пе? Газетті бұқара халықтың көзі мен құлағы, жұртшылықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігінен молынан хабар беретін дерек жиынтығы дейміз. Салыстырмалы тұрғыда келсек, журнал газетке қарағанда оқиғаларды кең көлемде баяндап, деректерге тереңірек талдау жасайтын, өзінің ұстанған көркемдік бағытына қарай қоғамдық пікірді қалыптастыруға ықпал етер мерзімді басылым, бұқаралық ақпарат құралдарының бір түрі.**

Баспасөз қоғаммен бірге өмір сүріп, бірге тыныстамақ. Газетте жарияланған әр мақалада қанатты қиял мен композициялық шеберлік танылмақ. Баспасөздің ел өміріндегі алатын орны жайлы сөз болғанда Ұлт ұстазы Ахаңның – Ахмет Байтұрсынұлының «газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» тұрғысындағы байлам-тоқтамының орны аса құнды. Бізге мәлімі, әр кезеңде газет қоғамда сүбелі рөл атқаруда. Әр кезеңде халықтың сауатын ашуға, көкжиегін кеңейтуге, елдегі оқиғалардан хабардар ету мақсатында тынымсыз тер төгуде. Тайғақты тартыспен, тағдырлы бейнетпен келген жақсылық қана шын мәнінде қымбат нәтиже боларын сол әр кезеңнің зиялы қауым өкілдері жете ұғынған-ды. Біздіңше, басылым беттерінде орынды айтылған сөз орнына қағылған шеге болар ма. Тыңдалмаған сөз жетім, оқылмаған мақала жетім. Өз тұсында дуалы ауыз Елбасы кеудесін кере айтқан мәңгілік мәмілені әрбір ұлт ұрпағы саналы тұрғыда жан жүрегімен ұғатындай етуіміз қажет. Мәселен, осы ретте Елбасымыз: «Тәуелсіздік – тәуекелі тұратындардың еншісі», – деп шегелеген-ді. Шынында да, тәуекелі тұратындардың ғана қолы жетпесе, Тәуелсіздік киелі бола ма? Азаппен, арпалыспен келмесе, Азаттықтың құны бола ма? Оңайлықпен келсе, оның қадір – қасиеті бола ма? Қадірі жоқ нәрсе қолда ұзақ тұра ала ма? Бүгінгі ұрпақ Ел Тәуелсіздігінің қадірін жете сезіне ме? Біздіңше, бұл сауалдар бойынша бір кісідей терең ойлану өз алдына, осы жолда әр кез қамдану керектігі айқын (Қыдыршаев А.С. Тұңғыш Президент және мемлекеттік тіл// «Үш қоңыр» газеті, №47 (514), 20 қараша 2020 ж., – 2-бет). Ия, жанқиярлық қажырлы еңбекпен табысқа жету жолында қилы тар жол, тайғақ кешулер, ауыртпалықтар мен қиындықтар қай тұста да болған. Бүгінгі егемендік пен тәуелсіздіктің самалын еркін сезінген кезеңге дейін газет тек қана жазуды тарататын құрал емес, сонымен қатар заманa шындығын боямасыз көрсеткен қоғамның айнасы іспетті бола алғаны анық.





Елде тұрақтылық пен сенімділік орнаған кезден бастап күллі жайттан хабар таратып, дүйім халық пен билік өкілдері арасында көпір бола алған, әдебиет, мәдениет және өнерді ұштастыра білген республикалық баспасөз жаршысы – «Үш қоңыр» газеті. Аталмыш басылым алғашқы сандарынан бастап-ақ ел өміріндегі ең өзекті де өткір рухани мәселелерді қаузады. Көптің көкейінде, халықтың ауызында жүрген тағдырлы тақырыптары – осының дәлелі. 2010 жылдың наурыз айының 19-ынан бастап жарық көріп келе жатырған «Үш қоңыр» газеті өз оқырманының сүйіспеншілігіне бөленуде.

Жалғасы 8-бетте

## ТӘУЕЛСІЗДІК МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАУ



Алматы облысы, Іле ауданының әкімі
Бағдат Әбілмәжінұлы ҚАРАСАЕВТЫҢ құттықтауы

Еліміздің басты мерекесі – Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл мереке егемендігіміздің, бірлігіміздің және мемлекетіміздің күш-қуатының символы болып табылады.

Азаттықты аңсаған алаш жұртының жалынды жастары сонау өткен ғасырдың, яғни 1986 жылдың желтоқсанның ызғарында мұз жастанып, бастарын бәйгеге тігіп, бодандық құрсауынан шығуға ұмтылған ерліктері, көзсіз батырлықтары Тәуелсіздікке жол ашты.

Сол бір ызғарлы күндердегі жастардың батылдығы, қаһармандығы бүгінде Тәуелсіз еліміздің жарқын істерімен жалғасын табуда. Бұл мереке шын мәнінде ата-бабамыздың ежелден аңсаған асқақ арманының орындалған, мақсат-мүддесінің жүзеге асқан күні!

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері қазақстандықтар нарықтық экономикамен қабаттасып келген көптеген қиындықтарды жеңіп, өркениетті елдер қатарына қосылды. Жас мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы артып, халықтың тұрмысы барынша жақсарды. Сондықтан да әлемдегі алпауыт мемлекеттер тәуелсіз Қазақстанмен ынтымақты қарым-қатынас, тығыз байланыс орнатып, дүние жүзі қауымдастығы алдында абырой-беделіміз биіктей түсті.

Құрметті жерлестер! Осы маңызды мереке күні баршаңызға денсаулық пен амандық, бақ-береке, ырыс-ынтымақ тілеймін. Еліміздің қарыштап дамуы жолындағы еңбектеріңіз табысты, жемісті болсын! Егеменді еліміз аман, тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай!




НАР ТҰЛҒАНЫ УАҚЫТ АЛАСАРТА АЛМАЙДЫ 3-бет

ӨНЕРДІҢ ЕР ЧАПАЙЫ 4-5-беттерде

ЖАМБЫЛТАНУДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР 6-бет

СЕН – АҚЫНСЫҢ, МЕН – АЙДЫН... 7-бет

Әдебиет – ардың ісі
Бізге 10 жыл
# Үш қоңыр
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ГАЗЕТІ
Мерей
№51 (518) 18 желтоқсан 2020 жыл

# МАХАМБЕТ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҚҰРМЕТТІ ӨКІЛІ АТАНДЫ



Газет беттерінде қазақ даласындағы көпшілікке үлгі бола білген парасатты жандардың, ұлағатты тұлғалардың қайталанбас ғұмыр жолдары, ерен еңбегі мен қалдырған баға жетпес асыл мол мұрасы арқылы халық жадынан өшпестей орын ала білген қоғам қайраткерлерінің, дәстүрі мен салтын сақтай білген асыл ой иелерінің бүгінгі жас өренге қалдырған өсиеті кең көлемде жариялануы газет оқырмандарының кеудесіне жылылық ұялатуда. Мәселен, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ректоры, б.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Қазақстан Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, «Махамбет» журналының ақылдастар алқасының төрағасы Серғалиев Нұрлан Хабиболлаұлы: «Біз Махамбет бабамыз атындағы Батыс Қазақстан университеті мен «Үш қоңыр» басылымы арасындағы рухани шығармашылық тұрғыдағы тығыз байланысымызды жоғары бағалаймыз. Университетіміздегі рухани жаңғыру бағытындағы кешенді іс-шараларымызды мүдіртпестен басылым бетіне жариялауға зор мүмкіндік туғызғаныңызға алғысымыз шексіз. Мұның бәрі тәрбиелі де саналы ұрпақ қалыптастырудағы ортақ ісіміз», – деген-ді (Серғалиев Н.Х. «Үш қоңырды» құттықтаймыз// «Үш қоңыр» газеті, №12 (479), 20 наурыз 2020 ж., – 1-бет).

Ал М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің қауымдастырылған профессоры, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, VII Алтын домбыра иегері, Мәдениет саласының үздігі, Бөкейордасы ауданының құрметті азаматы, Қазақстанның салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағының «Еңбек даңқы» төсбелгісінің иегері, айтыс ақыны Жансая Мусина «Үш қоңыр» басылымына 10 жыл» атты арнау өлеңінде: «Ару қала Алматыдан арайлы, Ақпаратпен сыйлап елге «күшті өмір». Жұма күні жұмыр жерге тарайды. «Ардың ісін» арқалаған «Үш қоңыр». Журналистің көргенін біз байқар ма ек? Бағалаймыз «газет – елдің үні» деп. Құнсыз болса, қайран Ахаң айтар ма ед, «Халық көзі, құлағы һәм тілі» деп. Мағыналы он жылдағы өмірі, «Үш қоңырым» – баға жетпес асылым! Қуанамыз шығып жаңа нөмірі, Баспанаға кірген кезде басылым. Оқырманды қуанышқа бөлейсің, Көңілдерге солмайтындай гүл егіп. Жылдан жылға таралымың көбейсін, Ұжымыңа шалқар шабыт тіледік!» – деп жырлағаны бар-ды...

Кейін Махамбет университеті қабырғасында «Махамбет» республикалық әдеби, мәдени, танымдық журналының тұсауы кесілді. Осы жылғы желтоқсан айының 4-і күні өткізілген бұл шара жөнінде «Үш қоңыр» газеті бетінде жазылды (Қыдыршаев А.С., Қабдірахимова Ж. Қ. Махамбет университетінде «Махамбет» журналының тұсауы кесілді// «Үш қоңыр» газеті, №49, 4 желтоқсан 2020 ж., 1-4-5- б.б.).

Сөз кезегі келгенде «Махамбет» журналының құрылтайшысы әрі шығарушысы «Болат-медиа» мекемесінің директоры, «Үш қоңыр» Республикалық әдебиет, мәдениет және өнер газетінің (Алматы) Бас редакторы БАТЫР Болат Батырұлы: «Республикалық «Үш қоңыр» әдебиет, мәдениет және өнер газеті еліміздегі аталмыш саладағы жаңалықтардың жаршысына айналғанына 10 жылға жуықтапты. Қазақстанның әрбір өңіріндегі әдеби процесс, мәдениет саласындағы атқарылып жатқан жұмыстарды, рухани жәдігерлерді дәріптеуге жергілікті биліктің қосып жатқан үлесі, аймақтардағы ақын-жазушыларды, жас таланттарды насихаттау – мұның бәрі басылымның үнемі басты назарда ұстайтын нысанасы десек, артық айтқандық емес. Басылымның ұстанымы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» идеясымен үндес, сәйкес келгені де біз үшін қуанарлық жайт. Ал республикалық «Махамбет» әдеби-мәдени, танымдық журналы – еліміздің әр өңіріндегі мәдени-рухани жаңалықтардың апталығы іспетті. Өйткені қазіргі таңдағы махамбеттану мәселесін, еліміздегі әдебиет, мәдениет саласының үздіктері мен рухани жаңғыру үрдістерін насихаттау – әлі күнге дейін кемшін түсіп келе жатқан жайт. Біз бұл ретте журнал ашылған уақыттан бері махамбеттанудың кешегісі мен бүгінгісін және келешегін толғантатын материалдарды үзбей жариялауды қолға алдық. Десек те, журнал басылымының өрге жүзуіне қамқорлық аса қажет. Ал өз тарапымыздан сіздердің ілім, білім саласындағы ортақ қуаныштарыңызға қуана үн қосып, алдағы уақытта да жүйелі насихаттап, ақпараттық демеушілік жасауға әрқашан да дайынбыз», – деп толғатады.



Қуанарлығы, «Үш қоңыр» газеті де, «Махамбет» журналы да – елдің мәдени-рухани дамуымен бірлестікте өзіндік өрелі бағыт-бағдары айқындалған, қалың оқырманы қалыптасқан республикалық құнды басылымдар. Аталған басылымдар уақыт тынысымен бірге тыныстап, Тәуелсіз ел талабына сай республикамыздың жылнамасын жасауға қажырлы да сүбелі түрде еселеп үлес қосарына сенімдіміз. Өз тарапымыздан, «Махамбет» журналы мен «Үш қоңыр» газетінің ұжымына, барша тілші-журналистер қауымына саушылық, шығармашылық шабыт, толағай табыс тілейміз. Қазақ елінің өркениет жолында өркендеп дамуында қаламдарыңыз мұқалмай, саналы да рухты жаңа ұрпақты қалыптастыру ісіне қалтықсыз қызмет ете бергейсіз!



Ал осыншама әупірім істе көзге онша көрінбейтін, десек те, атан түйеге жүк болар көл-көсір шаруаларды үйлестіріп жүрген Болат Батырымыз кім? Өмір жолына үңілсек, қысқа дерек төмендегіше: Батыр Болат Батырұлы 1963 жылы 22 тамызда Атырау облысының Махамбет ауданындағы Махамбет ауылында дүниеге келген. Қазақтың Спорт және туризм академиясын тәмамдап, Еуразиялық заң академиясын («Заңгер» мамандығы бойынша) бітірген. Отан алдындағы әскери борышын Германия жерінде өтеген. Еңбек жолын алғашында Алматы облысының Күрті аудандық Халық депутаттары Кеңесіндегі спорт комитетінің төрағасы болып бастап, кейін осы аудандық Кеңесінің «Жастар бірлестігі» төрағасының орынбасары, ҚР Білім және ғылым министрлігінде ұлттық спорт түрлерін дамыту бөлімінің бас маманы, 2003 жылы Республикалық «Sport kz» газетінің коммерциялық директоры, 2005 жылы «Отан Media Group» ЖШС-нің бөлім басшысы қызметтерін атқарған. 2009 жылдан бастап «Үш қоңыр» республикалық әдебиет, мәдениет және өнер газетінің бас редакторы, «Махамбет» республикалық әдеби, мәдени, танымдық журналын шығарушы «Болат Медиа» мекемесінің директоры. Болат Батыр өз тұсында «Ең үздік журналист», ҚР Ұлттық кітапханасының «Кітапхана ісінің үздігі» (2019 ж.), Қазақ жазушысы Оралхан Бөкейдің 70 жылдық мерейтойының жүлдегері, Кейкі Ниязұлы Рыспанбет батырдың 250 жылдығына орай «Ұлт тұлғаларын ұлықтауға қосқан елеулі үлесі үшін» төсбелгісінің иегері, ҚР Спорт жөніндегі ұлттық төрешісі атанған. Күні кеше ғана Болат Батырдың «Үш қоңыр» республикалық әдебиет, мәдениет және өнер газетінің бетінде ақын Жұбан Молдағалиев шығармашылығын насихаттауға қатысты материалдардың үнемі берілуіне ұйытқы болғанына куәміз (Жұбан Молдағалиев. Энциклопедия /Бас редакторы А.С. Қыдыршаев. – Орал: «Полиграфсервис» ЖШС баспасы, 2020. – 608 бет). Қысқасы, біздің Бәкең – Болат Батырұлы – нар мінезді тәуекелі басым, ұлт мүддесін өз мүддесінен биік қоя білетін еңбекқор адал жан.

Махамбет университетінің қабырғасында өткен «Махамбет» журналының тұсаукесері-таныстырылымы кезінде университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен Батыр Болат Батырұлына «Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің құрметті өкілі» («Honorary Representative of Makhambet Utemissov West Kazakhstan» – «Почетный представитель Западно-Казахстанского университета имени Махамбета Утемисова») академиялық атағы берілді. Арнайы ережеге сәйкесті «М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің құрметті өкілі» академиялық атағын жеке тұлғаларға, яғни, Қазақстан Республикасының азаматтарына да, шет елдік азаматтарға да беру шарты белгіленген-ді. Онда бұндай тұлғалардың белгілі бір сала бойынша терең кәсіби білімінің болуы, ғылыми, ғылыми-педагогикалық немесе әкімшілік-басқару қызметінде қол жеткізген жетістіктері болуы баса айтылған. Сондай-ақ атақ иегерлерінің қоғам алдында университет өкілі ретінде сөйлей алуы, білім-ілім ордамызды алыс және жақын шет елдерге таныта алар тұлғалар болуы айқындалған. Академиялық атақ иегерлері қай тұста да университет имиджін еселей арттыруға септеспек, әлемдік ғылыми-білім беру кеңістігінде университет рейтингісін көтеруге қолдау көрсетпек. Ал еліміздегі халық қолдауына ие болған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында республикалық «Үш қоңыр», «Махамбет» басылымдарын шығарып, ұлттық құндылықтарымыздың аяқ асты болмауы жолында мол тер төгіп, ел ертеңі болар жаңа ұрпақ баулу саласындағы тынымсыз ізденістен туған іргелі табыстарымен бүгінгі жаңа ұрпақтың жайдақ көзқарасын парасаттандыра, жадау көңілін жасандыра түскен Болат Батырұлы еліміздің қай білім ордасының да лайықты өкілі боларына сеніміміз шексіз.

**Абат ҚЫДЫРШАЕВ,**
*«Үш қоңыр» газетінің меншікті тілшісі.*
*Батыс Қазақстан облысы.*